

## Шымкент қаласы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 161 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 4547 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 592 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Шымкент қаласы әкімдігінің 30.09.2020 № 592 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27 бабының 2-тармағына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген) бұйрығының 102-тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 1786 "Шымкент қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру орындарын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3852, 2016 жылғы 30 қыркүйекте "Шымкент келбеті" газетінде және 2016 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шымкент қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г.Құрманбековаға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н.Сауранбаев

Шымкент қаласы әкімдігінің  
02 сәуірдегі 2018 жылғы  
№ 161 қаулысына қосымша

## Шымкент қаласы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Аудан атауы	Орналасқан орны
1	Абай ауданы	Алматы айналмалы тас жолы мен С.Сағынбаев көшелерінің қиылысы
2	Абай ауданы	Д.Құрманбеков көшесі, № 2 орталық аурухананың жаны
3	Абай ауданы	А.Мангельдин көшесі, № 44 үйдің жаны
4	Абай ауданы	Қ.Өмешұлы көшесі, № 7 үйдің қарсы беті
5	Абай ауданы	Көкбұлақ тұрғын алабы, Есіркепұлы Қырықбай ата мешітінің жаны
6	Абай ауданы	Игілік тұрғын алабы, № 128 мектептің алды
7	Абай ауданы	Жаңа талап тұрғын алабы, құс фабрикасының маңы
8	Абай ауданы	Қазығұрт шағын ауданы, Ақтас елді мекені 1079 учаскінің алды
9	Әл-Фараби ауданы	Ш.Қалдаяқов көшесі, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қарсы беті
10	Әл-Фараби ауданы	Володарский көшесі, № 9 үйдің жаны
11	Әл-Фараби ауданы	А.Байтұрсынов көшесі, "Онкология" аялдамасының жаны
12	Әл-Фараби ауданы	І.Жансүгіров көшесі, "Ұясу" кафесінің жаны
13	Әл-Фараби ауданы	Өндірісті көшесінің бойы
14	Әл-Фараби ауданы	І.Жансүгіров пен В.Терешкова көшелерінің қиылысы
15	Әл-Фараби ауданы	Қабанбай батыр көшесі, "Темір жол ауруханасының" жаны
16	Еңбекші ауданы	№ 1 Авто жол көшесі, "Береке" айналма жолы
17	Еңбекші ауданы	Елтай тұрғын алабы, "Алтай" жанар-жағар май бекетінің жаны
18	Еңбекші ауданы	Тоғыс тұрғын алабы, "Бейбарс" жанар-жағар май бекетінің жаны

19	Еңбекші ауданы	Қапал батыр көшесі, "Петро Казахстан ойл продакшнның" айналма жолының жаны
20	Еңбекші ауданы	Базар қақпа тұрғын алабы, Абдуллабад көшесі нөмірсіз, "Рау" жылыжайының жаны
21	Еңбекші ауданы	Базар қақпа тұрғын алабы, Ю.Сареми көшесі № 39 үйдің жаны
22	Еңбекші ауданы	Бадам 1 тұрғын алабы, Ленгер тас жолы № 23, № 36 үйлердің алды
23	Еңбекші ауданы	Бадам 1 тұрғын алабы, Ленгер тас жолы, "КазРосНефть" жанар-жағар май бекетінің қарсы беті
24	Еңбекші ауданы	Ленгер тас жолы, "Ауыл агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаны
25	Еңбекші ауданы	№ 1 Автожол көшесі, "Шифер завод" аялдамасының жаны
26	Еңбекші ауданы	№ 1 Автожол көшесі, "Green Bus" автобекетінің жаны
27	Қаратау ауданы	Бозарық саяжайы, № 71 қоғамдық көліктің соңғы аялдамасы
28	Қаратау ауданы	Достық шағын ауданы, Алғыс және Жігер көшелерінің қиылысы
29	Қаратау ауданы	Қайнар бұлақ саяжайы, Степная мен Центральная көшелерінің қиылысы
30	Қаратау ауданы	Таскен тұрғын алабы, Бабашұлы көшесі № 115 мектептің жаны
31	Қаратау ауданы	Мирас тұрғын алабы, Кеме қалған көшесі және Қарабұра әулие көшесінің қиылысы
32	Қаратау ауданы	Асар шағын ауданы, № 1 Қалалық балалар аурухана жаны
33	Қаратау ауданы	Бердібек Бабашұлы көшесі № 146 үйдің жаны
34	Қаратау ауданы	Азат тұрғын алабы, Ақжол көшесі № 21, 102 үйлердің қарсы беті
35	Қаратау ауданы	Азат тұрғын алабы, Ақбастау көшесі № 5, 67 үйлердің жаны
36	Қаратау ауданы	Достық шағын ауданы, Н.Әбдіров көшесінің қарсы беті
37	Қаратау ауданы	С.Рахимов көшесі, № 2 үйдің қарсы беті
38	Қаратау ауданы	Бозарық саяжайы, Шаян мен Дархан көшелерінің қиылысы
39	Қаратау ауданы	Алатау көшесі, Теміржол өткелінің жаны
40	Қаратау ауданы	Алатау көшесі, ШНОС жанармай бекетінің жаны
41	Қаратау ауданы	Тассай тұрғын алқабы, Уалиханов көшесі № 2 ғимараттың жаны
42	Қаратау ауданы	Алматы айналма тас жолы мен Шаян көшелерінің қиылысы